

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 1 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/NIUS7438>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора

Абыкенова Д. Б., *PhD доктор*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Абибулаева А. Б.

д.п.н., профессор

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Беларусь)

Кудышева А. А.,

к.п.н., ассоц. профессор

Омарова А. Р.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 14.35.07

<https://doi.org/10.48081/FUQO8510>

***К. Адилжан¹, Г. Қ. Ташкеева², Ж. М. Жолдыбай³,
С. И. Сейдраманова⁴**

^{1,2,3,4}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан республикасы, Алматы қ.

ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІНЕ ТҮРТКІ БОЛАТЫН ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ

Қызығушылықты зерттеу мәселесіне қалай айналдыруға болады және зерттеу мәселесіне қалай қызығушылық танытуға болады?

Қызығушылық – айқындыққа қарама-қарсы құбылыс. Қызықты құбылыс – кутпеген, жаңа көзқарас пен жаңа түсінік береді. «Ең қызықты теория – бұл ең аз ықтимал нәрсені нақты және сөзсіз дәлелдейтін теория» [1].

Зерттеу қызығушылығының қайнар көзі – бұл белгілі бір таным немесе көзқарас, ол белгілі болып көрінетін нәрселерге күмән келтіруге мүмкіндік береді. Зерттеу мәселесі – бұл құбылыстың өзінде болатын қайшылық емес, зерттеуші белгілі бір құбылыста көре алатын қарама-қайшылық.

Білімге деген қызығушылық зерттеудің қозғаушы күші болып табылады. Кейбір адамдар ғылымға деген қызығушылығымен ерекшеленеді. Қызығушылық адам үшін өте маңызды күрделі ұғым. Бұл адамның рухани байлығын қамтамасыз ететін ерекше сапа, ол бізді қоршаған шындықтан маңызды таңдау жасауға мүмкіндік беретін құндылық. Қызығушылықтың жалпы түсінігін зерттеу жеткіліксіз, егер біз оның маңызды салаларының біріне тоқталмасақ.

Танымдық қызығушылық – оқу іс-әрекетіне қатысты және біздің зерттеу мәселесіне тікелей қатысы бар. Ғылыми қызығушылықтар көбінесе жеке тұлғаның жеке зерттеу түрі қалыптасқан кезде пайда болады.

Адамның қызығушылығы әртүрлі және қызығушылықтың бірнеше түрі бар. Осы түрлеріне жеке – жеке тоқталып және олардың білім алу саласымен байланысын анықтау керек. Біз анықтаған оқу саласына қатысты танымдық қызығушылықтан

басқа тағы қандай түрлері білім алуға оңтайлы әсерін беретінін әлі де зерттеуді талап етеді.

Кілтті сөздер: қызығушылық, зерттеу, танымдық қызығушылық, зерттеушілік қызығушылық, білім.

Кіріспе

Қызығушылық ғылыми білім берудегі орталық ұғым болып табылады. Білім ордалары ғылым мен техникаға қызығушылықты арттыруға ұмтылуы тиіс. Бір жағынан, бұл студенттердің ғылым мен техникаға қарай жақындауна мүмкіндік береді. Екінші жағынан, білім ордасы қызығушылықты анықтауға өз үлесін қосады. Студенттердің қандай салалар мен қандай тақырыптарға қызығатынын анықтап, жігерлендіру, олардың немен айналысқысы келетінін және олар қандай жетістіктерге қол жеткізгісі келетіні – білім беруде де, болашақ кәсіби өмірде де маңызды. Ғылым мен техникадағы күнделікті жаңалыққа деген жоғары сұранысты ескере отырып, білім ордасы, ғылыми-зерттеу институттары алдындағы ғылым мен техниканың маңыздылығын айқындау, сондай-ақ осы салалардағы ішкі ынталандырулар мен ғаламдық мәселелерді айқын ету міндеті тұр.

Қызығушылық басқа жағынан ғылыми білім берудің негізгі ұғымы болып табылады: *білім ордасы студенттердің қызығушылығын оятады және дамытады* яғни оқытудың шешуші шарты болып табылады. Педагогтің міндеті – *білім алушылардың өздерімен бірге әкелетін қызығушылығын дамыту, оқу бағдарламасының талаптары мен олардың арасында байланыс орнату*. Бұл қызығушылықтар мазмұны және қызметі жағынан контекстке жатады. Осылайша, қызығушылықтың күрделі тұжырымдамасы және заттарға диагностикалық көзқарас таныту, жаратылыстану ғылымдары мұғалімдерінің құзыреттілігінің маңызды аспектісі болып табылады. Осылайша білім алушылардың қызығушылығын оятып, зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру және дамыту арқылы ғылыми зерттеулер жасап, жаңалық ашуға ынталандыру маңызды сипатқа ие.

Материялар мен әдістер

Мақалада қызығушылық туралы ғалымдардың көзқарасы мен пікірлері және зерттеу нәтижелері қарастырылады. Талдау, гипотезаны құру және тексеру, зерттеудің себеп – салдарын іздеу, студенттер арасында сауалнама жүргізу, студенттерге әртүрлі тапсырма беру және студенттермен бірге зертханалық жұмыстар орындау. Біздің мақсатымыз үлкен жетістікке жеткен тұлғалардың және басқа да адамдардың іс-әрекетін зерттеп, жастардың ғылымға қызығушылығын ояту және зерттеушілік қызығушылықты

калыптастыру. Қызығушылық ұғымының мағанасын ашу үшін ғалымдардың зерттеулеріне сүйендік.

Қызығушылық жеке тұлғаның күрделі сапасы болып табылады. Сондықтан педагогика мен психологияда оның әртүрлі белгілері бар. А. Н. Пряжко қызығушылық белгілеріне мыналарды жатқызады:

– объективті-субъективті сипат, яғни қызығушылық арқылы объективтік Әлеммен байланыс орнатылады;

– қызығушылықтың эмоциялық түрі;

– қызығушылықтың саналы болуы (сезімдік дәрежесі оның көріну күші мен орнықтылығын сипаттайды);

– қызығушылықтың таңдаулы сипаты;

– қызығушылықтың интеллектуалды және практикалық қызметке, тұлғаның ерік - жігеріне оң әсері [2, б. 12].

Адамда қызығушылықтың болмауы мүмкін емес: әр адам бір нәрсеге қызығушылық танытады [3]. Қызығушылықтың күнделікті өмірдегі мағанасы туралы көптеген ғылыми мақалалар жарияланған. Жалпы қызығушылықтың құрлымын орталық сипаттамаларына қатысты да табуға болады. Мысалы, бұл құрлымы көп өлшемді құбылыс, оның танымдық және эмоциялық категориялары нақты анықтамасын талап етеді [4–6].

Ғалымдардың ғылыми құбылыстарды зерттеп, бүкіл өмірін ғылымға арнауына не мәжбүр етеді? Зерттеулер бойынша бұл сұраққа әдеттегі жауап: «Біз зерттелетін объектілерді түсінгіміз және заттардың қалай жұмыс істейтінін білгіміз келеді, бұл бізге қызықты». Яғни зерттеушілік қызығушылықтан басталады. **Білімге деген қызығушылық – зерттеудің қозғаушы күші.**

Жастарды ғылыми сұрақтармен айналысуға және ғылым мен технология туралы ізденуге не итермелейді? Ересек ғалымдар бір кездері балалар болған еді, мүмкін оларды жас кезінен бастап белгілі бір танымдық қызығушылық итермелеген шығар. Кейбір адамдар ғылымға деген қызығушылығымен ерекшеленеді, болашақ ғалымдар осылай қалыптасады.

Күрделі мәселелер неге ғылыми дәлелдеулерді қажет етеді? Яғни көптеген ғалымдардың зерттеуін талап етеді. Зерттеу нәтижесінде шындыққа көз жеткізеді.

Қызығушылық – зейіннің жоғары деңгейімен және ұзақ уақыт сол қызметпен айналысумен қатар табандылықпен сипатталатын психологиялық жағдай. Оқытуда бұл психологиялық күй үйренуші мен мазмұнның өзара әрекеттесуінен туындайды [7].

Қызығушылық тұжырымдамасы психологияны, педагогикалық психологияны, әлеуметтануды, ғылыми-техникалық білім берумен қоса алғанда, зерттеудің әртүрлі салаларында қолданылады [8].

Қызығушылық жалғасын табу процестері білім алудың жаңа жолдарын талап етеді.

Дегенмен қызығушылықтың маңызы «білімге құштарлық» пен теңестірілмейді. Құштарлық көптеген себептер бойынша болуы мүмкін және бұл қызығушылық – олардың бірі ғана. Бір қызығушылық әрдайым объектіге, қызметке, білім саласына немесе мақсатқа бағытталған. Адамда тек қызығушылық болып қана қоймайды: ол бір нәрсеге тәуелді болуы керек [8, б. 6]. Қарым-қатынас пен қызығушылық түсініктері арасында өзара байланыс ұғым ретінде қарастырады және объектінің белгілі саласымен сипатталатын, қарым-қатынастың ерекше нысаны ретінде қызығушылықты түсіндіру үшін екі ұғымды да пайдалануды ұсынады. Алайда Гарднер [9–11] және басқа авторлар, екі тұжырымдаманың да болуы мүмкін екенін және бір-бірінен анық ерекшеленетінін айтады. Басты назардағы бағалау критерилеріне байланысты айқын айырмашылық туындайды. Жалпы, қандай да бір топтың бағалау көзқарасы белгілі бір объектіге қарым-қатынас үшін анықтаушы болып табылады, ал бұл объект туралы білім беретін субъективті құндылық қызығушылық үшін маңызды. Бағалаудың осы екі аспектісі бір-біріне тәуелді. Мысалы, мәселеге айқын негативты көзқарастың болуы, бұл тақырыпты түсінуге деген күшті және тұрақты қызығушылықтың бар екенін анықтайды.

Қызығушылық іс-әрекеті мәселесі көптеген зерттеушілердің назарынан тыс қалмады (Б. Г. Ананьев, Ю. К. Бабанский, Л. И. Божович, В. Б. Бондаревский, Л. А. Гордон, В. Г. Иванов, А. Г. Ковалев, А. Н. Леонтьев, И. Я. Лернер, А. К. Маркова, Н. Г. Морозова, В. Н. Мясищев, М. Н. Скаткин, Г. И. Щукина және т.б.).

Танымдық мотивацияның пайда болуымен адамның психикалық қабылдау, есте сақтау, ойлау және басқа да мүмкіндіктерін қайта құру, қызығушылық тудырған іс-әрекетті орындауға ықпал етеді. Алайда, білім беру жүйесі көбінесе қол жеткізу мотивациясын ынталандыруға бағыттаған: жақсы баға алу, емтихандарды сәтті тапсыру және т.б. Бұл психологиялық-педагогикалық жағдайларды анықтаудың өзекті мәселесі туындайды, онда танымдық мотивация алдымен пайда болады, содан кейін кәсіби мотивацияға айналады.

Танымдық қызығушылықтың мәнін, оның ең маңызды жақтарын белгілей отырып, біз оның оқыту мен тәрбиелеудегі рөлін айқын көреміз:

– болашақ оқу ортасында, ол оқу-тәрбие үдерісін ынталандыру түрінде, білімнің ең маңызды элементтерін белсендіруге, шеберлік пен дағдыларды табысты қолдануға ықпал етуге мүмкіндіктер береді;

- оқу мотиві бола отырып, танымдық қызығушылық білім алушының оқу процесінің табысты болуы үшін қажетті білім алуына ықпал етеді;
- мінездің тұрақты сипаты болғанда, танымдық қызығушылық тұлғаның белсенді, шығармашыл болып қалыптасуына ықпал етеді.

Нәтижелер және талқылау

Қызығушылық күрделі және адам үшін өте маңызды ұғым. Бұл адамның рухани байлығын қамтамасыз ететін ерекше сапа, ол бізді қоршаған шындықтан маңызды таңдау жасауға мүмкіндік беретін құндылық. Қызығушылық педагогика ғылымында кәсібиліктің қалыптасуы тұрғысынан – маманның кәсіби дайындығының маңызды нәтижелерінің бірі ретінде қарастырылады. Алайда, *психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі талдау көрсеткендей, қазіргі уақытқа дейін қызығушылықтың мағанасын түсіндіретін бірыңғай пікір жоқ*. Қызығушылық мазмұны мен қасиеттерін анықтауда және оның пайда болу мәселесінде де айырмашылықтар бар. Мұндай жағдай **екі ережемен түсіндіріледі**: бір жағынан, қызығушылық қасиеттерінің күрделілігімен және көптүрлілігімен, екінші жағынан, ғылыми мектептердің қызығушылығын зерттеуде басшылыққа алатын әдіснамалық ұстанымдардың айырмашылығымен ерекшеленеді. Л. А. Гордон анықтамасына сәйкес «қызығушылық – бұл адамның санасы мен іс-әрекетінің белсенділігін арттыратын эмоциялық-еріктік және интеллектуалды процестердің жиынтығы» [10, б. 176].

Соңғы теориялардан, *қызығушылық* көбінесе *жеке адамның өзінің қоршаған ортамен өзара әрекеттесуінен пайда болатын құбылыс* ретінде түсіндіріледі [11–13]. Бұл постулат әдетте қызығушылық таным теориясының бастауы болып табылады, тұлға қызығушылықтың объектілік теориясы деп аталады. Осы теорияға сәйкес қызығушылық әлеуметтік және қоғамдық өмірде адамдар мен объектілер арасындағы көп қатынастардан туындайды. **Қызығушылық** адам мен объект арасындағы нақты және ерекше қатынасты білдіреді. Объект нақты заттарды, тақырыпты, тақырыптық мәселені немесе абстракт идеяны көрсетіп бере алады, когнитивті берілген ортаның белгілі бір бөлігі. Адам кейбір объектілерге деген қызығушылығын қысқа және ұзақ уақыт аралығында дамытады. Объектіге деген қызығушылықтың қатынасы белгілі танымдық және әсерлі компоненттерімен сипатталады.

Кез келген қызығушылықтың өз алдына сапасы және маңыздылығы бар, яғни бұл оң әсерлі эмпирикалық жағдайларға байланысты. Осылайша, қоршаған ортамен өзара байланыс қызығушылыққа негізделген дұрыс танымдық қасиеттер мен оң әсерлі қасиеттерді үйлестіретін оңтайлы эмпирикалық режимдерді қамтамасыз етеді. Берілген оңтайлы жағдайларда,

қызығушылыққа негізделген іс-әрекеттер тәжірибелерге алып келеді. Тәжірибе адам өмірінде маңызды орын алады.

Қызығушылықтың тағы бір маңызды ерекшелігі – оның ішкі құрылымы. Қызығушылыққа негізделген іс-әрекет «өзін-өзі бағалау» критерийіне сәйкес келеді, бұл қызығушылыққа байланысты мақсат болып табылады, адамның артықшылықтары мен құндылықтарының бір – бірімен үйлесуі.

Қызығушылықтың маңызды аспектісі оның пәндік ерекшелігі болып табылады. Объект немесе қызығушылықтың мазмұны білім саласының немесе қоршаған ортамен өзара әрекеттесу мүмкіндіктері туралы сипатталады, немесе нақты тақырыптарды, қызмет түрлерін және т.б. сипаттай отырып, адам шынымен қызығады. *Ғылыми қызығушылықтар көбінесе жеке тұлғаның жеке зерттеу түрі қалыптасқан кезде пайда болады.* Ғылымдағы қызығушылықтар неғұрлым жалпылама немесе неғұрлым нақты деңгейде анықталады. **Бірінші жағдайда,** ғылыми қызығушылықтың мазмұнды саласы ғылыммен байланысты және адам хабардар болатын заттардың барлық жиынтығын қамтиды. **Екінші жағдайда,** жеке тұлғаның ғылыми қызығушылығы нақты мектеп пәнімен (мысалы, физика, бірақ биология немесе химия емес) немесе пәндік сала шеңберіндегі нақты тақырыптармен және әрекеттер түрлерімен шектелуі мүмкін екенін ескеруге болады (мысалы, адам миының құрылысы туралы білім алу; музыкалық аспапта ойнау), пән (мысалы, астрономия) немесе зерттеу саласы (мысалы, океанология). Ғылыми қызығушылықтың түрлерін ажырату үшін, әлбетте, әңгіме мектеп пәндерінің құрылымы туралы болып отыр, себебі олар негізінен ғылымдармен жүйелі байланыста болуға мүмкіндік береді. Факті бойынша студенттер бір ғана пәнге қатты қызығады (мысалы астрономия), басқа ғылыми пәндерге ондай қатты қызықпайтын (мысалы, физика, химия) студенттер бар.

Теориялық түрғыдан бұл деңгейді сипаттау үшін студенттердің ғылымға деген қызығушылығының мазмұндық құрылымы тым жеткіліксіз болып қалады және бар классификациялар шеңберінен шығады, мысалы, ғылыми білім. Мазмұны мен тақырыптарын саралауға қосымша, контекст немесе қолдану саласы сияқты басқа аспектілер ғылымға қызығушылық көрнісін сипаттауға көмектеседі.

Қорытынды

Адам қызығушылықтың мәнін құрайтын барлық нәрселерді объективті шындықтан алады. Қызығушылықтың пайда болуы үшін субъект пен объектінің өзара қарым-қатынасы маңызды мәнге ие. Адамның қызметі әртүрлі болғандықтан, сәйкесінше, қызығушылықтың көптеген түрлерін бөліп, талдауға болады. Қызығушылықтар, ең алдымен, олардың мазмұны немесе бағыты бойынша ерекшеленеді.

А. Г. Ковалев [13] бұл тұрғыда материалдық, қоғамдық-саяси, кәсіби-еңбек, танымдық, эстетикалық, спорттық қызығушылықтарды бөледі. Кең мағынада танымдық қызығушылықтар белгілі бір пәндер мен білім саласына оқу және арнайы ғылыми қызығушылықтар түрінде көрінеді. Қызығушылықтың жалпы түсінігін зерттеу толық болмайды, егер біз оның маңызды салаларының біріне тоқталмасақ. Біздің зерттеу тақырыбына тікелей қатысы бар, оқу іс-әрекетіне қатысты – танымдық қызығушылық.

Адамның қызығушылығы әртүрлі және қызығушылықтың бірнеше түрі бар. Осы түрлеріне жеке – жеке тоқталып және олардың білім алу саласымен байланысын анықтау керек. Біз анықтаған оқу саласына қатысты танымдық қызығушылықтан басқа тағы қандай түрлері білім алуға оңтайлы әсерін беретінін әлі де зерттеуді талап етеді. Ал танымдық қызығушылық арқылы білім алушы өзіндік дүние танымын оятып, іс-әрекетке көшеді, ары қарай ізденеді, түсінісі келеді. Алайда бұл табандылықты қажет етеді, яғни нақты мақсатқа сай жоспар құру керек. Сонда білім алушының бойында ізденімпаздық, табандылық, зерттеушілік, ерекше назар аудару, қорытынды жасай білу сияқты жақсы қасиеттер қалыптасады. Нәтижесінде білім сапасы артады.

Білім ордаларының және білім беру саясатының басты міндеті, білім алушылардың ғылым-білімге, ғылыми зерттеулерге қатысуын, жетістіктерге деген қызығушылығын дамыту болу керек. Бұл ұстанымның артындағы болжам – ғылым мен техникаға деген үлкен қызығушылық студенттердің ғылыми тапсырмаларды жақсы орындауына әсер етеді. Зерттеушілік қызығушылық қалыптасу үшін ғылымға қызықтыра білу және әртүрлі тапсырмаларды орындауға, табандылыққа үйрету маңызды сипатқа те. Нақты мақсатқа сай жоспар құруды үйрету және теориялық біліммен шектелмей практикамен ұштастыра отырып, шындыққа, ақиқатқа көз жеткізуге, себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға үйрету маңызды болып табылады. Сонда білім алушының өзіне деген сенімділігі артады. «Мен жасай аламын, қолымнан келеді!» – деген ұстаным пайда болады. Яғни саналы түрде ақпаратты қабылдайтын болады. Саналы түрде қабылданған ақпарат ұзақ уақытқа сақталады және тез еске түседі, ал жаттанды білім тез ұмытылады, сондықтан да, тапсырманы түсініп орындау өте маңызды. Тапсырманы орындау барысында нақты түсінік қалыптасады. Нәтижесінде білім алушылар теориялық білімін практика жүзінде көрсете біледі, осылайша студенттердің болашақта зерттеу қызметімен, зерттеу іс-әрекетімен айналысып, ғылымға, жаңа жетістіктерге үлкен үлес қосуына себепші болады.

ПАЙДАЛАНФАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Эпштейн, М.** Знак пробела. О будущем гуманитарных наук. – М. : НЛЮ, 2004. – С. 485–496.

2 **Прядёхо, А. Н.** Развитие технических интересов и способностей подростков / А. Н. Прядёхо. – М., 1990. – 218 с.

3 **Rennie, L. J. & Punch, K. F.** The relationship between affect and achievement in science. *Journal of Research in Science Teaching*, 28(2), 1991. –P. 193–209.

4 **Gardner, P. L.** Students' interests in science and technology : Gender, age and other factors. Paper written for the International Conference on Interest and Gender : Issues of Development and Change in Learning. – Seon, Germany, 1996, June.

5 **Hidi, S., Renninger, K. A. & Krapp, A.** Interest, a motivational construct that combines affective and cognitive functioning // D. Dai & R. Sternberg (Eds.), *Motivation, emotion and cognition : Integrative perspectives on intellectual functioning and development.* – Mahwah, NJ : Erlbaum, 2004. – P. 89–115.

6 **Schiefele, U.** Situational and individual interest // K. R. Wentzel, & A. Wigfield (Eds.). *Handbook of motivation at school.* – Mahwah, NJ : Erlbaum, 2009.

7 **Bybee, R. W.** Towards an understanding of scientific literacy // W. Graeber & C. Bolte (Eds.). *Scientific literacy-An international symposium.* – Kiel, 1997. – P. 37–68)

8 **Millar, R. & Osborne, J.** (Eds.). *Beyond 2000 : Science education for the future.* – London : King's College, 1998.

9 **Gardner, P. L.** The development of males' and females' interest in science and technology // L. Hoffmann, A. Krapp, K. A. Renninger, & J. Baumert (Eds.), *Interest and learning. Proceedings of the Seon-conference on interest and gender.* – Kiel, Germany : Institut fuer die Paedagogik der Naturwissenschaften (IPN), 1998. – P. 41–57.

10 **Гордон, Л. А.** Психология и педагогика интереса / Л. А. Гордон. – Киев, 1940. – 348 с.

11 **Биштова, Э. А.** Развитие познавательного интереса к педагогической науке в процессе научно-исследовательской деятельности.

12 **Hidi, S. & Renninger, A.** The four-phase model of interest development. *Educational Psychologist*, 41, 2006. – P. 111–127.

13 **Ковалев, А. Г.** К проблеме мотивов / А. Г. Ковалев // *Психологический журнал.* – 1981. – №1. – С. 37–41.

REFERENCES

- 1 **Epstein, M.** Znak problema. O buduschem gumanitarneh nauk [The Space sign. About the Future of the Humanities] [Text]. – Moscow : UFO, 2004. – P. 485–496.
- 2 **Pryadekho, A. N.** Razvitie tehniceskikh interesov i sposobnostei podrostkov [Development of technical interests and abilities of teenagers] [Text] / A. N. Pryadekho. – M., 1990. – 218 p.
- 3 **Rennie, L. J. & Punch, K. F.** The relationship between affect and achievement in science. *Journal of Research in Science Teaching*, 28(2), 1991. – P. 193–209.
- 4 **Gardner, P. L.** Students' interests in science and technology : Gender, age and other factors. Paper written for the International Conference on Interest and Gender : Issues of Development and Change in Learning. – Seeon, Germany, 1996, June.
- 5 **Hidi, S., Renninger, K. A. & Krapp, A.** Interest, a motivational construct that combines affective and cognitive functioning // D. Dai & R. Sternberg (Eds.), *Motivation, emotion and cognition : Integrative perspectives on intellectual functioning and development*. – Mahwah, NJ : Erlbaum, 2004. – P. 89–115.
- 6 **Schiefele, U.** Situational and individual interest // K. R. Wentzel, & A. Wigfield (Eds.). *Handbook of motivation at school*. – Mahwah, NJ : Erlbaum, 2009.
- 7 **Bybee, R. W.** Towards an understanding of scientific literacy // W. Graeber & C. Bolte (Eds.). *Scientific literacy-An international symposium*. – Kiel, 1997. – P. 37–68)
- 8 **Millar, R. & Osborne, J.** (Eds.). *Beyond 2000 : Science education for the future*. – London : King's College, 1998.
- 9 **Gardner, P. L.** The development of males' and females' interest in science and technology // L. Hoffmann, A. Krapp, K. A. Renninger, & J. Baumert (Eds.), *Interest and learning. Proceedings of the Seeon-conference on interest and gender*. – Kiel, Germany : Institut fuer die Paedagogik der Naturwissenschaften (IPN), 1998. – P. 41–57.
- 10 **Gordon, L. A.** *Psychologiya i pedagogika interesa* [Psychology and pedagogy of interest] [Text] / L. A. Gordon. – Kiev, 1940. – 348 p.
- 11 **Bishtova, E. A.** Razvitie poznatel'nogo interesa k pedagogicheskoi nauke v processe nauchno-issledovatel'skoi deyatel'nostey [Development of cognitive interest in pedagogical science in the process of research activity] [Text].
- 12 **Hidi, S., Renninger, A.** The four-phase model of interest development. *Educational Psychologist*, 41. 2006. – P. 111–127.
- 13 **Kovalev, A. G.** K problem motivov [To the problem of motives] [Text]. / A. G. Kovalev // *Psychological journal*. – 1981. - No. 1. – P. 37–41.

Материал 17.03.22 баспаға түсті.

*К. Адилжан¹, Г. К. Ташкеева², Ж. М. Жолдыбай³, С. И. Сейдраманова⁴

^{1,2,3,4}Казахский национальный университет имени аль-Фараби,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 17.03.22.

ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ ИНТЕРЕС КАК МОТИВАЦИЯ К ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Как превратить интерес в проблему исследования или как заинтересовать проблемой исследования? Интерес противоположен очевидности. Очевидное, как известно, неинтересно. Интересное – неожиданное, новое, то, что дает новый взгляд и новое понимание. «Самая интересная теория – та, что наиболее последовательно и неопровержимо доказывает то, что наименее вероятно» [1]. Источником исследовательского интереса является особый взгляд или точка зрения, которая позволяет подвергнуть сомнению те вещи, которые кажутся само собой разумеющимися. Исследовательская проблема представляет собой не столько противоречие, содержащееся в самом явлении, сколько противоречие, которое исследователь способен увидеть в том или ином явлении.

Интерес к знаниям является движущей силой исследования. Некоторые люди отличаются особым интересом к науке. Интерес – сложное и очень важное понятие для человека. Это особенное качество, которое обеспечивает духовное богатство человека, это ценность, которая позволяет сделать важный выбор из окружающей нас действительности. Недостаточно исследовать общее понимание интереса, если мы не останавливаемся в одной из его важных областей. В отношении учебной деятельности непосредственное отношение к теме нашего исследования имеет познавательный интерес.

У человека разные интересы и существует несколько видов интересов. Отдельно следует остановиться на этих видах и определить их связь со сферой образования. Какие еще виды, кроме познавательного интереса, относящиеся к определенной нами области обучения, все еще требуют изучения, что оказывает оптимальное влияние на получение знаний.

Ключевые слова: интерес, исследование, познавательный интерес, исследовательский интерес, образование.

*K. Adilzhan¹, G. K. Tashkeyeva², Zh. M. Zholdybai³, S. I. Seydramanova⁴

^{1,2,3,4}Al-Farabi Kazakh National University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 17.03.22.

COGNITIVE INTEREST INSPIRING FOR RESEARCH ACTIVITIES

How can I turn an interest into a research problem, or how can I get interested in a research problem? Interest is the opposite of evidence. The obvious is usually uninteresting. Interesting – unexpected, new, something that gives a new look and a new understanding. «The most interesting theory is the one that most consistently and irrefutably proves what is least likely» [1]. The source of research interest is a specific view or point of view that allows you to question those things that seem self-evident. The research problem is not so much a contradiction contained in the phenomenon itself, as a contradiction that the researcher is able to see in a particular phenomenon.

Interest in knowledge is the driving force behind research. One could also assume that some people simply stand out by the special interest they have – in science. Interest is a complex concept and very important for a person. This is a special quality that ensures the spiritual wealth of a person, it is a value that allows you to make an important choice from the truth that surrounds us. It is not enough to investigate the General understanding of interest, if we do not stop in one of its important areas, then in relation to educational activities that are directly related to the topic of our research – cognitive interest. Scientific interests often arise when an individual form of personality research is formed.

A person's interests are diverse and there are several types of interests. It is necessary to focus on these types separately and determine their relationship with the field of Education. In addition to cognitive interest in the field of learning that we have identified, it is still necessary to study what other types of learning have the best effect on learning.

Keywords: interest, research, cognitive interest, research interest, education.

Теруге 17.03.2022 ж. жіберілді. Басуға 31.03.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,83 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,7.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3882

Сдано в набор 17.03.2022 г. Подписано в печать 31.03.2020 г.

Электронное издание

6,83 Мб RAM

Усл.п.л. 28,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3882

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

<https://vestnik-pedagogic.tou.edu.kz/>